

Бекітемін

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

Абдикерова Б. Х.

«22» 04 2021 жыл

«IT-сарапшы» облыстық жобасы шеңберінде «Жергілікті желілер сарапшысы» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

«Жергілікті желілер сарапшысы» байқауын (бұдан әрі - байқау) Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы (бұдан әрі – ұйымдастырушы) «IT-сарапшы» облыстық жобасы шеңберінде өткізеді.

Байқаудың мақсаты жүйелік әкімшілердің, инженерлердің және компьютерлік технологиялар саласындағы зертханашылардың практикалық дағдыларын жетілдіру, теориялық білім деңгейлерін арттыру болып табылады.

Байқаудың негізгі міндеттері:

- * білім беру ұйымдары инженерлерінің кәсібилігін арттыру;
- * инженерлік корпус элитасын анықтау;
- * инженерлік кадрлар сапасының проблемаларына назар аудару;
- * жастар арасында компьютерлік технологияға қызығушылықты қалыптастыру.

II. Іс-шараны ұйымдастыру

2.1. Байқауға қатысу үшін Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының жүйелік әкімшілері, инженерлері, зертханашылары шақырылады.

2.2. Байқауды ұйымдастыру мен өткізуге басшылықты ұйымдастырушы осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

2.3. Қазылар алқасы мүшелерінің құрамын ұйымдастырушы қарайды.

2.4. Қазылар алқасы жауап береді:

- * жарысқа қатысушыларға арналған тапсырмаларды әзірлеу және бекіту;
- * қатысушыларды жарыстарға жіберу;
- * орындалған жобаларды бағалау;
- * баллдарды хаттамаға енгізу;
- * жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау;

* байқауды ұйымдастыру-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

2.5. Байқау 2021 жылдың 11-14 мамыр аралығында қашықтық форматында 2 кезеңде өткізіледі.

III. Байқауды өткізудің шарттары мен тәртібі

3.1 Білім бөлімдері қатысушылардың өтінімдерін 2021 жылдың 4 мамырына дейін umc-ro@umckrg.gov.kz электрондық мекен-жайына «Жергілікті желілердің сарапшысы» белгісімен жібереді.

3.2 Байқау қашықтық форматында 2 кезеңде өткізіледі.

3.3 I кезең: 2021 жылдың 11 мамырында - екінші кезеңге қатысушыларды анықтау мақсатында қашықтықтан өткізіледі.

✓ 2021 жылдың 10 мамырына дейін өтінімде көрсетілген поштаға жіберілетін шақыру бойынша тіркеуден өту қажет.

✓ Тестілеу 11 мамырда сағат 11:00-ден 12:00-ге дейін (60 минут) өтеді. Тест 30 сұрақтан тұрады.

✓ Ең көп ұпай жинаған 20 қатысушы екінші кезеңге өтеді.

✓ 2021 жылдың 12 мамырынан кешіктірілмей бірінші кезеңнің нәтижелері Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының umckrg.gov.kz сайтында жарияланады

3.4 II кезең: 13, 14 мамыр 2021 ж. - ZOOM платформасында өткізіледі.

✓ Ол үшін байқауға қатысушылар жұмыс орнын, атап айтқанда дербес компьютердің, интернеттің, веб-камераның, микрофонның болуын ұйымдастыруы қажет. Веб-камера байқау қатысушысының жұмыс орны мен көрінуін қамтумен реттелуі тиіс.

✓ Байқаудан өту үшін қатысушыларға ZOOM бағдарламасын дербес компьютерге орнату қажет.

✓ Қатысушылар <https://www.netacad.com/ru> сілтемесіне тіркеліп, виртуалды жергілікті желіні құру үшін Cisco Packet Tracer Student бағдарламасын сілтеме арқылы

https://drive.google.com/drive/folders/1BCj2ObJ1o_GrFg043CIEKgEok2Ja4guE?usp=sharing орнатып және пайдаланушы нұсқаулығымен танысып шығулары қажет (1-қосымша).

✓ Қосылым сілтемесі қатысушыға өтінімде (1-қосымша) көрсетілген электрондық мекен-жайына 2021 жылдың 12 мамырында сағат 18:00-ге дейін жіберіледі.

✓ Қатысушыларды байқауға қосу 2021 жылдың 13 мамырында сағат 09:00-ден 10:00-ге дейін басталады (ZOOM платформасы арқылы байланыс тестілеуі өткізіледі).

✓ Сағат 10:00 – ден 10:50-ге дейін - байқаудың ашылуы.

✓ Байқау тапсырмалары байқау өткізілетін күні сағат 10:50-де ZOOM конференциясының чатында қолжетімді болады.

✓ Дайын шешімдерді сағат 15:00-ден кешіктірмей мына it-20.21@mail.ru электрондық мекен-жайына жіберу қажет.

✓ 2021 жылдың 14 мамырында сағат 11:00-ден 13:00-ге дейін қазылар алқасының отырысы өтеді, ұпайлар қойылады, содан кейін қорытынды нәтижелер шығарылады.

✓ 2021 жылдың 14 мамырында сағат 15:00-де ZOOM конференциясында жеңімпаздарды марапаттау өтеді.

3.5 Байқауға таңдау үшін 3 тапсырма беріледі. Әрбір тапсырманың өзіндік қиындық деңгейі бар, оған сәйкес балл беріледі (тапсырмада көрсетілген).

Байқауға қатысушылар жарыс басталғанға дейін 10 минут ішінде танысатын тапсырманың күрделілігін таңдауға немесе барлық тапсырмаларды орындауға құқылы.

Тапсырманы орындау үшін 4 астрономиялық сағат беріледі. (240 мин)

IV. Бағалау критерийлері

4.1 тапсырманы орындау қиындық деңгейі бойынша бағаланады:

* I күрделілік деңгейі - 0-ден 10 балға дейін;

* II күрделілік деңгейі - 0-ден 15 балға дейін;

* Күрделіліктің III деңгейі - 0-ден 25 балға дейін.

* Қойылған баллдар байқауға қатысушы жіберген қателердің саны мен сипатына тікелей байланысты.

V. Байқаудың қорытындысын шығару

5.1. Қорытындылау және қатысушыларды марапаттау ZOOM конференциясында өтеді.

5.2. Байқау жеңімпаздары дипломдармен марапатталады (1, 2, 3 орын).

5.3. Қорытынды шығару қазылар алқасының хаттамасымен рәсімделеді.

5.4. Жарыстың II кезеңінің барлық қатысушылары сертификаттармен марапатталады.

Қосымша 1

«IT-сарапшы» облыстық жобасы шеңберінде «Жергілікті желілер сарапшысы» облыстық байқауына өтінім нысаны

№	Аудан/қала	Білім беру ұйымы	Қатысушының аты-жөні	Лауазымы	E-mail / байланыс телефоны

Келісілді: Е.Р. Аринов _____

А.Р. Серікбаева 